

**Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін
қолдану мен насихаттауға жауапты адамдар үшін
ЖАДЫНАМА**

**ПАМЯТКА
для лиц, ответственных за применение и пропаганду
государственных символов Республики Казахстан**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТУЫ МЕН ЕЛТАҢБАСЫН ҚОЛДАНУ

**Қазақстан
Республикасының
Мемлекеттік
ТУЫ МЕН ЕЛТАҢБАСЫ
міндетті түрде және
тұрақты негізде
орнатылады (тігіледі):**

- мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен мекемелердің, сондай-ақ білім беру орындарының ғимараттарында;
- мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен мекемелердің, сондай-ақ білім беру орындары басшыларының қызмет бөлмелерінде;
- мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен мекемелердің, сондай-ақ білім беру орындарының мәжіліс залдарында;
- сот мәжілісі залдарында;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік және үкіметтік наградалары тапсырылатын залдарда, сондай-ақ әртүрлі іс-шаралар өтетін залдарда;
- бала тууды және некені тіркейтін үй-жайларда;
- мемлекеттік заңды тұлғалардың, ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасы оларға қатысты жалғыз акционер (қатысушы) болып табылатын өзге де акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің мемлекеттік рәміздерге арналған экспозиция үшін бөлінген үй-жайларында (үй-жайларының бір бөлігінде).

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

• Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы (*диаметрі 500 миллиметр*) кабинеттерде лауазымды тұлғаның жұмыс орнының арт жағындағы қабырғаға, залдарда төрағалық етуші отыратын орынның арт жағында орналастырылады.

• Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы (*1 x 2 метр өлшеммен*) лауазымды тұлғалардың кабинеттерінде және мәжіліс залдарында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының сол жағында орналастырылады (тігіледі).

• Ғимараттарға тұрақты орналастырылатын (тігілетін) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен Елтаңбасына тәуліктің қараңғы мерзімінде жарық түсіп тұруы тиіс.

• Тулардың тақ санын бір уақытта көтергенде (тіккенде, орналастырғанда) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы ортасында, ал жұп санды, бірақ екеуден көп туларды көтергенде (тіккенде, орналастырғанда) ортадан солға қарай орналастырылады.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы басқа тулардан төмен орналастырылмайды, сондай-ақ көлемі басқа тулардың көлемінен кіші болмауы тиіс.

Осы талаптар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын қолдануға да тікелей қатысты.

- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен Елтаңбасы, сондай-ақ олардың бейнелері көлемдеріне қарамастан **ұлттық стандартқа сәйкес келуі тиіс.**

Мемлекеттік Ту мен Елтаңба, сондай-ақ олардың бейнелері **ұлттық стандартқа сәйкес келмеген жағдайда олар** Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің 2023 жылғы 8 маусымдағы №137 бұйрықпен бекітілген «Ұлттық стандарттарға сәйкес келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, мемлекеттік Елтаңбасын ауыстыру және жою қағидаларында» мазмұндалған тәртіпте **ауыстырылуы және жойылуы керек.**

- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен Елтаңбасы міндетті түрде орнатылатын (тігілетін, орналастырылатын) ұйымдар мен мекемелерде, олардың меншік түріне қарамастан, Қазақстан Республикасының тиісті ұлттық стандарттарына сәйкес келмейтін мемлекеттік рәміздерді және олардың бейнелері бар материалдық объектілерді (стендтер, плакаттар және т.б.) ауыстыру және жою жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссия болуы тиіс.

- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын және олардың бейнелері бар материалдық объектілерді (стендтер, плакаттар және т.б.) **жою, оларды қайта қолдану мүмкіндігін болдырмау мақсатында өртеу, балқыту, 2,5 шаршы сантиметрден аспайтын мөлшерде майдалап бөлшектеу, ұсақтау, қалыпсыз массаға немесе ұнтақ күйге айналдыру жолымен жүргізіледі.**

**Ғимараттарда орналастырылатын мемлекеттік рәміздерге қойылатын
ТЕХНИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР (ӨЛШЕМДЕР)**

Ғимарат биіктігі	Орналастыру орны	ҚР Мемлекеттік рәміздері	
		Ту	Елтаңба
1, 2, 3, 4, 5 қабатты (20 метрге дейін) ғимараттарда	Ғимараттың төбесінде	1 x 2 метр	Бір қабатты ғимараттың жабу деңгейінде Диаметрі 500 миллиметр Соңғы қабаттың жабу деңгейінде - Диаметрі 1-ден 1,5 метрге дейін
	(немесе) фронтонында	1 x 2 метр	Бір қабатты ғимараттың фронтонында – Диаметрі 500 мм. 2-5 қабатты ғимараттың фронтонында – Диаметрі 1-ден 1,5 метрге дейін
	(немесе) ғимаратқа кіреберіс маңдайшада	1 x 2 метр	Диаметрі 500 мм.
6, 7, 8, 9 қабатты (30 метрге дейін) ғимараттарда	Ғимараттың төбесінде	1,5 x 3 метрден 2 x 4 метрге дейін	Соңғы қабаттың жабу деңгейінде - Диаметрі 2 метр
	(немесе) фронтонында	1,5 x 3 метрден 2 x 4 метрге дейін	Диаметрі 2 метр
	(немесе) ғимаратқа кіреберіс маңдайшада	1 x 2 метр	Диаметрі 500 мм.
9 қабаттан жоғары (30 метрден жоғары) ғимараттарда	Ғимараттың төбесінде	2 x 4 метр және одан жоғары	Соңғы қабаттың жабу деңгейінде - Диаметрі 3 метр және одан жоғары
	(немесе) фронтонында	2 x 4 метр және одан жоғары	Диаметрі 3 метр және одан жоғары
	(немесе) ғимаратқа кіреберіс маңдайшада	1 x 2 метр	Диаметрі 500 мм.

ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ТУЫНЫҢ ЖӘНЕ ЕЛТАҢБАСЫНЫҢ БЕЙНЕЛЕРІН, СОНДАЙ-АҚ МЕМЛЕКЕТТІК ГИМННІҢ МӘТІНІН ҚОЛДАНУ

Қазақстан Республикасы **Мемлекеттік Туының бейнесі міндетті түрде** мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен мекемелердің, сондай-ақ білім беру орындарының **веб-сайттарында орналастырылады.**

**Қазақстан Республикасы
МЕМЛЕКЕТТІК
ЕЛТАҢБАСЫНЫҢ БЕЙНЕСІ
міндетті түрде
орналастырылады:**

- мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен мекемелердің, сондай-ақ білім беру орындарының **веб-сайттарында;**
- мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен мекемелердің **мөрлері мен құжаттарының бланкілерінде** (фирмалық бланкілер, бұйрық бланкілері);
- мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен мекемелердің **атауы жазылған маңдайшаларда;**
- мемлекеттік органдар мен мемлекеттік ұйымдар қызметкерлерінің **қызметтік куәліктерінде;**

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

• Жалпы орта, кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында **арнайы оқшауланған көрнекті орынға ұдайы Мемлекеттік Ту тігіледі, Мемлекеттік Елтаңба не олардың бейнесі, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Гимнінің мемлекеттік тілдегі мәтіні** орналастырылады (стендтер).

Мемлекеттік рәміздер бейнелері бар стенділер (плакаттар) салтанатты іс-шаралар өтетін көпшілік назарына қолжетімді жерлерде орнатылуы тиіс.

Мемлекеттік Тудың, Мемлекеттік Елтаңба мен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Гимні мәтінінің бейнелері бар стенділер (плакаттар) **әсем безендірілуі және шаруашылық-тұрмыстық бөлмелерден, кіре берістен және киім ілетін бөлмелерден алыс орналасуы тиіс.**

• Мемлекеттік Тудың, Мемлекеттік Елтаңба мен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Гимні мәтінінің бейнелерін **веб-сайттар мен стенділерге (плакаттарға) орналастырған кезде мемлекеттік рәміздер бейнелерінің бір деңгейлі орналастырылуының сақталуы, сондай-ақ олардың орналасу реті: Ту, Елтаңба, Гимн болуы тиіс.**

• Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының веб-сайттарда, ресми басылымдарда, мөрлер мен құжаттардың бланкілерінде, сондай-ақ стенділер (плакаттар) мен мемлекеттік ұйымдардың атауы жазылған маңдайшаларда орналастырылған бейнелері **Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ ұлттық стандарттарға сәйкес келуі тиіс.**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ГИМНІН ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ

**Қазақстан Республикасы
МЕМЛЕКЕТТІК ГИМНІ
орындалады:**

- Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мерекелеріне, сондай-ақ өзге де салтанатты іс-шараларға арналған **жиналыстар мен мәжілістердің салтанатты ашылуы кезінде;**
- Қазақстан Республикасы халқының өміріндегі аса маңызды тарихи оқиғаларды атап өту құрметіне **ескерткіштерді, монументтерді, құлпытастарды және басқа да ғимараттарды ашу кезінде;**
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктері мен өзге де ұйымдары өткізетін **рәсімдер, салтанатты және спорттық іс-шаралар кезінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы көтерілген кезде;**
- Қазақстан Республикасының ұлттық (күрама) командасы қатысатын **спорттық іс-шаралар өткізілген кезде орындалады;**
- **білім беру ұйымдарында жаңа оқу жылының ашылу және оқу жылының аяқталу рәсімдері кезінде, сондай-ақ өзге де салтанатты іс-шаралар өткізілген кезде.**

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

● Мемлекеттік заңды тұлғалардың, ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасы оларға қатысты жалғыз акционер (қатысушы) болып табылатын өзге де акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің мемлекеттік нышандарға арналған экспозиция үшін бөлінген үй-жайларында (үй-жайларының бір бөлігінде) Мемлекеттік Гимннің мәтіні міндетті түрде орналастырылады.

● Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын салтанатты жағдайда көтеру және тігу кезінде Мемлекеттік Гимн орындалады, бұл ретте қатысушылар жүздерін Туға қарай бұрады.

● Мемлекеттік Гимн көпшілік алдында орындалған кезде қатысушылар оны орнынан тұрып айтады (тыңдайды), бұл ретте Қазақстан Республикасының азаматтары оң қолын жүрек тұсына қояды.

● Мемлекеттік Гимнді оркестр, хор, оркестр мен хор орындайды не ол өзге де вокалдық және аспаптық түрде орындалады. Бұл ретте дыбыс жазу құралдары пайдаланылуы мүмкін.

● Мемлекеттік Гимн бекітілген мәтіні мен музыкалық редакциясына дәлме-дәл сәйкестікпен мемлекеттік тілде орындалады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІН ПАЙДАЛАНУДЫ РЕТТЕЙТІН НОРМАТИВТІ-ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР

1. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» 2007 жылғы 4 маусымдағы №258 Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы;
2. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын және олардың бейнелерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Гимнінің мәтінін орналастыру ережесін бекіту туралы» 2007 жылғы 2 қазандағы №873 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы;
3. «Мемлекеттік органдардың атауы жазылған маңдайшаларды дайындау және оларды әкімшілік ғимараттарда орналастыру қағидаларын бекіту туралы» 2011 жылғы 22 қарашадағы №1371 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы;
4. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері күнін мерекелеу қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1186 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы;
5. «Ұлттық стандарттарға сәйкес келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, мемлекеттік Елтаңбасын ауыстыру және жою қағидаларын бекіту туралы» 2023 жылғы 8 маусымдағы №137 Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің бұйрығы;
6. «ҚР СТ 988-2007 «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы. Жалпы техникалық шарттар» ұлттық стандарты;
7. «ҚР СТ 989-2014 «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы. Нысаны, өлшемдері және техникалық талаптар» ұлттық стандарты;
8. «ҚР СТ 1430-2005 «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы салынған мөр» ұлттық стандарты.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ МІНДЕТТІ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН ҰЙЫМДАРДЫҢ (МЕКЕМЕЛЕРДІҢ) БІРІНШІ БАСШЫЛАРЫНА ҰСЫНЫМДАР

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Елтаңбасын және Гимнін қолдануды реттеу саласындағы қолданыстағы заңнаманы бұзу мен мемлекеттік рәміздерді лайықсыз пайдалану **әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке алып келеді.**

Осыған орай, Қазақстан Республикасы мемлекеттік рәміздерінің қолданылуы міндетті болып табылатын ұйымдардың (мекемелердің) бірінші басшыларына:

1. Ұлттық стандарттарға сәйкес келмейтін Мемлекеттік Туды және Мемлекеттік Елтаңбаны ауыстыру және жою жөніндегі Комиссия құру ұсынылады. *(«Ұлттық стандарттарға сәйкес келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын ауыстыру және жою қағидаларын бекіту туралы» 2023 жылғы*

8 маусымдағы №137 Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі бұйрығының талаптары). Осы Комиссияны бірінші басшының бұйрығымен құрып, Комиссия құрамы өзгерген жағдайда бұйрыққа өзгерістер енгізуді қамтамасыз ету қажет. Сонымен қатар жоғарыда аталған Комиссияны құру жөніндегі бұйрықты әр күнтізбелік жылдың басында жаңартылып отыратын бұйрықтар тізбесіне енгізу ұсынылады.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен Мемлекеттік Елтаңбасының лайықты жағдайда болуын қадағалауға және оларды ауыстыруға жауапты тұлғаны бекіту (қажет болған жағдайда ұйым басшысының ішкі бұйрығымен);

3. Тұтқырларда Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Туының болмай қалуына жол бермеу және оларды уақытылы ауыстыру (ауа райын ескере отырып) мақсатында қосымша Мемлекеттік Ту сатып алуды қамтамасыз ету;

4. Гимн аспаптарда орналастырылған Мемлекеттік Туларды қатты жел тұрғанда олардың тұтастығының бұзылуына және кір болып кетуіне жол бермеу мақсатында күн сайынғы сырттай көзбен шолу жұмыстарын ұйымдастыру ұсынылады;

5. Мемлекеттік Ту мен Мемлекеттік Елтаңбаны және олардың бейнелерін заңсыз пайдалануға, оның ішінде мемлекеттік рәміздердің бейнелері кескінделген көрнекі өнімдерді (стендтер, плакаттар, кәдесыйлар мен т.б.) қажетті жою шараларын жүргізбей тұрып қатты қоқыс қалдықтарын жинайтын орындарға апарып тастауға жол бермеу;

6. Мемлекеттік Гимнді Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзып пайдалануға және орындауға, оның ішінде Мемлекеттік Гимннің бекітілген мәтіні мен музыкалық редакциясын өзгертіп орындауға жол бермеу қажет.

ЖАЗБАЛАР ҮШІН

Handwriting practice lines consisting of 30 horizontal dotted lines.

ПРИМЕНЕНИЕ ГОСУДАРСТВЕННОГО ФЛАГА И ГЕРБА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**Государственный
ФЛАГ И ГЕРБ
Республики Казахстан в
обязательном порядке и на
постоянной основе
размещаются
(устанавливаются):**

- **на зданиях** государственных органов, организаций и учреждений, а также на зданиях учебных заведений;
- **в кабинетах** руководителей государственных органов, организаций и учреждений, учебных заведений;
- **в залах заседаний** государственных органов, организаций и учреждений, учебных заведений;
- **в залах судебных заседаний;**
- **в залах вручения государственных и правительственных наград** Республики Казахстан, а также в залах **проведения различных мероприятий;**
- **в помещениях регистрации рождений и браков;**
- **в помещениях** (части помещений), отведенных для экспозиции, **посвященной государственной символике**, государственных юридических лиц, национальных управляющих холдингов, национальных холдингов, национальных компаний, а также иных акционерных обществ и товариществ с ограниченной ответственностью, в отношении которых Республика Казахстан выступает единственным акционером (участником).

ВНИМАНИЕ!

● Государственный **Герб** Республики Казахстан (*диаметром 500 миллиметров*) размещается на стене за рабочим местом должностных лиц в кабинетах, в залах за рабочим местом **председательствующих**.

● Государственный **Флаг** Республики Казахстан (*размером 1 х 2 метра*) в кабинетах должностных лиц и залах заседаний **устанавливается (размещается) с левой стороны от Государственного Герба** Республики Казахстан.

● Государственный **Флаг и Герб** Республики Казахстан, постоянно устанавливаемые на зданиях, **должны освещаться в темное время суток**.

● При одновременном подъеме (установлении, размещении) нечетного числа флагов, **Государственный Флаг Республики Казахстан располагается в центре**, а при подъеме (установлении, размещении) четного числа флагов, но более двух - **левее от центра**.

При этом Государственный Флаг Республики Казахстан размещается не ниже других флагов, а также размеры не должны быть меньше размеров других флагов.

Данные требования идентично относятся к применению Государственного Герба Республики Казахстан.

● Государственный **Флаг и Герб** Республики Казахстан, а также их изображения независимо от размеров, **должны соответствовать национальному стандарту**.

В случае несоответствия Государственного Флага и Герба, а также их изображений национальному стандарту **они подлежат замене и уничтожению** в порядке, изложенных в «Правилах замены и уничтожения Государственного Флага, Государственного Герба Республики Казахстан, не соответствующих национальным стандартам», утвержденных Приказом Министерства культуры и спорта Республики Казахстан от 8 июня 2023 года №137.

- В организациях и учреждениях независимо от формы собственности, где в обязательном порядке устанавливаются (размещаются, поднимаются) Государственный Флаг и Государственный Герб Республики Казахстан, **должна быть образована постоянно действующая комиссия по замене и уничтожению государственных символов и материальных объектов с их изображением (стендов, плакатов и др.), не соответствующих национальным стандартам Республики Казахстан.**

- **Уничтожение** Государственного Флага, Государственного Герба Республики Казахстан, а также иных материальных объектов с их изображениями (стендов, плакатов и др.) **производится путем сжигания, расплавления, измельчения на кусочки размером не более 2,5 квадратных сантиметра, дробления, превращения в бесформенную массу или порошок, в целях исключения возможности их повторного применения.**

к государственным символам, размещаемых на зданиях

Высота здания	Место размещения	Государственные символы РК	
		ФЛАГ	ГЕРБ
На зданиях 1, 2, 3, 4, 5 этажей (до 20 метров)	На крыше здания	1 х 2 метра	<i>На уровне перекрытия одноэтажного здания</i> Диаметр 500 мм. <i>На уровне перекрытия последнего этажа -</i> Диаметр от 1 до 1,5 метров
	(или) на фронтоне	1 х 2 метра	<i>На фронтоне одноэтажного здания -</i> Диаметр 500 мм. <i>На фронтоне здания 2-5 этажей -</i> Диаметр от 1 до 1,5 метров
	(или) на козырьке входа в здание	1 х 2 метра	Диаметр 500 мм.
На зданиях 6, 7, 8, 9 этажей (до 30 метров)	На крыше здания	От 1,5 х 3 метров до 2 х 4 метров	<i>На уровне перекрытия последнего этажа -</i> Диаметр 2 метра
	(или) на фронтоне	От 1,5 х 3 метров до 2 х 4 метров	Диаметр 2 метра
	(или) на козырьке входа в здание	1 х 2 метра	Диаметр 500 мм.
На зданиях более 9 этажей (свыше 30 метров)	На крыше здания	От 2 х 4 метров и более	<i>На уровне перекрытия последнего этажа</i> Диаметр 3м. и более
	(или) на фронтоне	От 2 х 4 метров и более	Диаметр 3м. и более
	(или) на козырьке входа в здание	1 х 2 метра	Диаметр 500 мм.

ПРИМЕНЕНИЕ ИЗОБРАЖЕНИЙ ГОСУДАРСТВЕННОГО ФЛАГА И ГЕРБА,

А ТАКЖЕ ТЕКСТА ГОСУДАРСТВЕННОГО ГИМНА РК

Изображение Государственного Флага Республики Казахстан в обязательном порядке размещается на веб-сайтах государственных органов, организаций и учреждений, а также учебных заведений.

ИЗОБРАЖЕНИЕ ГОСУДАРСТВЕННОГО ГЕРБА

**Республики Казахстан
в обязательном порядке
размещается:**

- **на веб-сайтах** государственных органов, организаций и учреждений, а также учебных заведений;
- **на печатях и бланках документов** (фирменные бланки, бланки приказов) государственных органов, организаций и учреждений;
- **на вывесках** с наименованием государственных органов, организаций и учреждений;
- **на служебных удостоверениях** сотрудников государственных органов и государственных организаций.

ВНИМАНИЕ!

● В организациях образования, реализующих образовательные программы среднего общего, начального профессионального, среднего профессионального и высшего профессионального образования **постоянно в специально отведенном видном месте устанавливается Государственный Флаг, размещается Государственный Герб либо их изображения, а также текст Государственного Гимна Республики Казахстан** на государственном языке (стенды).

Стенды (плакаты) с изображениями государственных символов должны размещаться в местах проведения торжественных мероприятий, доступных для всеобщего обозрения.

Стенды (плакаты) с изображением Государственного Флага, Государственного Герба и текста Государственного Гимна Республики Казахстан должны быть эстетично оформлены и размещаться вдали от хозяйственно-бытовых комнат, прохода и гардероба.

● При размещении изображения Государственного Флага и Государственного Герба, а также текста Государственного Гимна Республики Казахстан **на веб-сайтах и стендах (плакатах), должно соблюдаться одноуровневое расположение** изображений государственных символов, а также **их очередность: Флаг, Герб, Гимн.**

● **Изображения Государственного Герба Республики Казахстан, размещенные на веб-сайтах, официальных изданиях, печатях и бланках документов, а также на стендах (плакатах) и вывесках с наименованием государственных организаций должны соответствовать нормативным правовым актам Республики Казахстан, а также национальным стандартам.**

ПОРЯДОК ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО ГИМНА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
ГИМН
Республики Казахстан
исполняется:**

- **при открытии торжественных собраний и заседаний, посвященных национальному и государственным праздникам Республики Казахстан, а также иным торжественным мероприятиям;**
- **при открытии памятников, монументов, обелисков и других сооружений в ознаменование важнейших исторических событий в жизни народа Республики Казахстан;**
- **при поднятии Государственного Флага Республики Казахстан во время церемоний, торжественных и спортивных мероприятий, проводимых государственными органами, а также общественными объединениями и иными организациями Республики Казахстан;**
- **при проведении спортивных мероприятий с участием национальной (сборной) команды Республики Казахстан;**
- **в организациях образования, при церемониях открытия нового учебного года и окончания учебного года, а также при проведении иных торжественных мероприятий.**

ВНИМАНИЕ!

• Текст Государственного Гимна в **обязательном порядке размещается в помещениях (части помещений), отведенных для экспозиции, посвященной государственной символике,** государственных юридических лиц, национальных управляющих холдингов, национальных холдингов, национальных компаний, а также иных акционерных обществ и товариществ с ограниченной ответственностью, в отношении которых Республика Казахстан выступает единственным акционером (участником).

• Торжественное поднятие и установка Государственного Флага Республики Казахстан должно сопровождаться исполнением Государственного Гимна, при этом присутствующие поворачиваются лицом к Флагу.

• При публичном исполнении Государственного Гимна присутствующие поют (выслушивают) стоя, при этом граждане Республики Казахстан прикладывают правую руку к сердцу.

• Государственный Гимн исполняется в оркестровом, хоровом, оркестрово-хоровом либо ином вокальном и инструментальном исполнении. При этом могут использоваться средства звукозаписи.

• Государственный Гимн исполняется на государственном языке в точном соответствии с утвержденным текстом и музыкальной редакцией.

НОРМАТИВНО-ПРАВОВЫЕ АКТЫ,

РЕГЛАМЕНТИРУЮЩИЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ГОСУДАРСТВЕННЫХ СИМВОЛОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

1. Конституционный закон Республики Казахстан от 4 июня 2007 года №258 «О государственных символах Республики Казахстан»;
2. Постановление Правительства Республики Казахстан от 2 октября 2007 года №873 «Об утверждении Правил размещения Государственного Флага, Государственного Герба Республики Казахстан и их изображений, а также текста Государственного Гимна Республики Казахстан»;
3. Постановление Правительства Республики Казахстан от 22 ноября 2011 года №1371 «Об утверждении Правил изготовления и размещения вывесок с наименованием государственных органов на административных зданиях»;
4. Постановление Правительства Республики Казахстан от 31 декабря 2015 года № 1186 «Об утверждении Правил празднования Дня государственных символов Республики Казахстан»;
5. Приказ Министерства культуры и спорта Республики Казахстан от 8 июня 2023 года №137 «Об утверждении Правил замены и уничтожения Государственного Флага, Государственного Герба Республики Казахстан, не соответствующих национальным стандартам»;
6. Национальный стандарт «СТ РК 988-2007 «Государственный Флаг Республики Казахстан. Общие технические условия»;
7. Национальный стандарт «СТ РК 989-2014 «Государственный Герб Республики Казахстан. Форма, размеры и технические требования»;
8. Национальный стандарт «СТ РК 1430-2005 «Печати с воспроизведением государственного герба Республики Казахстан. Технические требования».

РЕКОМЕНДАЦИИ

К ПЕРВЫМ РУКОВОДИТЕЛЯМ ОРГАНИЗАЦИЙ (УЧРЕЖДЕНИЙ), ГДЕ ПРИМЕНЕНИЕ ГОСУДАРСТВЕННЫХ СИМВОЛОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ЯВЛЯЕТСЯ ОБЯЗАТЕЛЬНЫМ

За ненадлежащее использование государственных символов и нарушение требований действующего законодательства в области регулирования применения Государственного Флага, Герба и Гимна Республики Казахстан предусмотрено **привлечение к административной и уголовной ответственности.**

В этой связи, первым руководителям организаций (учреждений), где применение Государственных символов Республики Казахстан является обязательным, рекомендуется:

1. Создать Комиссию по замене и уничтожению Государственного Флага и Государственного Герба Республики Казахстан, не соответствующих национальным стандартам. *(Требования приказ Министерства культуры и спорта Республики Казахстан от 8 июня 2023 года №137 «Об утверждении Правил замены и уничтожения Государственного Флага, Государственного Герба Республики Казахстан, не соответствующих национальным стандартам»).* Данную Комиссию необходимо создать приказом первого руководителя и обеспечить внесение изменений в него в случае изменения состава Комиссии. Также приказа о создании вышеуказанной Комиссии рекомендуется включить в перечень приказов, обновляемых в начале каждого календарного года;

2. Определить ответственного лица за своевременную замену Государственного Флага и Герба Республики Казахстан, а также за сохранения их надлежащего состояния *(в случае необходимости внутренним приказом руководителя организации);*

3. Обеспечить закупку дополнительного Государственного Флага Республики Казахстан для своевременной замены *(с учетом погодных условий)* и недопущения отсутствия Государственного Флага на флагштоках;

4. Организовать ежедневный визуальный осмотр Государственного Флага, установленного на зданиях, для недопущения его загрязнения и нарушения целостности при мощных порывах ветра;

5. Не допустить незаконное использование Государственного Флага и Герба Республики Казахстан и их изображений, в том числе вынесения различных видов наглядной продукции с изображениями государственных символов *(стенды, плакаты, сувениры и др.)* в места сбора твердо-бытовых отходов, без проведения соответствующей процедуры уничтожения;

6. Не допустить использование и исполнение Государственного Гимна с нарушением требований законодательства Республики Казахстан, в том числе исполнение Государственного Гимна с изменением утвержденного текста и музыкальной редакции.

ДЛЯ ЗАМЕТОК

